

"Қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздарды кәсіптік даярлауды, біліктілігін көтеруді және қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Ережені бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 38 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы.

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2002 жылғы 19 желтоқсандағы N 195 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 28 желтоқсанда N 792 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 3 наурыздағы N 60 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010.03.03 N 60 Қаулысымен

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысының 3-тармағы 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі
Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

"Қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздарды кәсіптік даярлауды, біліктілігін көтеруді және қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Ережені бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 38 қаулысына келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

"Жалпы ережелер" 1-бөлімінің 7-тармағының 2) тармақшасы мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Елді мекендердегі жолды ағымдағы жөндеу (шұңқырлар мен жол жиегін қолда бар материалдармен жабу, көпір салу, жолдарды жөндеу);

3-тармақша мына сөздермен толықтырылсын: "сондай-ақ, көктемгі-күзгі су тасқынына байланысты жұмыстар";

4) тармақшадағы "сондай-ақ, әлеуметтік-мәдениет бағытындағы объектілерін"
" сөздері алынып тасталсын;
мына абзацпен толықтырылсын:

"Мәдениет пен әлеуметтік бағыттағы (мәдениет үйлерін, денсаулық сақтау объектілерін (ауруханалар, фельдшерлік-акушерлік пункттер) және білім беру объектілерін, селолық округ әкімдіктері мен басқа да бюджеттік ұйымдар үшін жалға алған ғимараттарды, егер жергілікті бюджеттерде осы мақсатқа қаржы

қарастырылмаған болса немесе олар объектілерді тиісті жағдайда ұстауға жеткіліксіз болса) объектілерді күзету, қысқа дайындау, жөндеу және құрылыс жұмыстарын атқару бойынша көмек көрсету.

6) тармақшада :

"туризм" сөзінен кейін "қаңғырма жануарларды аулау" сөздерімен толықтырылсын ;

7) тармақша мына редакцияда мазмұндалсын:

"спорттық іс-шараларды, мерейтойлар салтанаттарын, мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларды дайындауға қатысу, соның ішінде мұз қалашықтарын салуда қосалқы жұмыстарды да атқару";

8) тармақшада :

"халық санағы" сөздерінен кейін, "жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша статистикалық тексеру" сөзімен толықтырылсын;

9) тармақшада :

"Отын және жемазық дайындау" сөздерінің алдында "көмірді артуға, жеткізуге және түсіруге көмек" сөздерімен толықтырылсын;

"... және жалғыз басты тұратын қарттар.." сөздерінен кейін ".. жаңа келген оралмандар" сөздерімен толықтырылсын;

7-тармақ мына тармақшалармен толықтырылсын:

"11) мәдени-әлеуметтік бағыттағы маңызды объектілерді, соның ішінде каникул кезінде мектептерді, егер бұл мақсатта штат кестесінде бірлік қарастырылмаған болса, сондай-ақ аудан әкімінің коммуналдық меншігіндегі бос ғимараттарды күзету ;

12) алыс елді мекендерде тұратын халықты төл құжаттау бойынша жұмысқа уақытша көмек (халықты төлқұжаттандыру үшін қажетті құжаттарды жинау және рәсімдеу жөніндегі көмек);

13) селолық елді мекендерде қоғамдық тәртіп күзетін қамтамасыз ету жөніндегі құқық органдарына жәрдемдесу жасақтарына қатысу);

14) есірткі тарату және пайдаланудың болжамалы жерлеріндегі, сенім пункттеріндегі волонтер ретіндегі жұмыс;

15) балалардың, жасөспірімдердің, жастардың бос уақытын балалар-жасөспірімдер клубтары арқылы ұйымдастыру жөнінде бір реттік жұмыстарды (мереке күндеріне және мерейтойларға дайындық) жүргізу;

16) сая бақтар мен скверлердің аумағын көгалдандыру және күзету;

17) зираттарды, қоқыс жинайтын жерлерді көгалдандыру, соның ішінде қалдықтар жинауды ұйымдастыру;

18) жылыту кезеңінде бюджеттік ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерде пеш жағушы ретіндегі жұмыс ;

19) жалғызбасты ауру қарт азаматтарды күту (тамақ, дәрі-дәрмек сатып±

әкелу, үй ішін жинау, ағарту, еден сырлау, кір жуу, көкөніс отырғызу, арам шөп
ж ұ л у ж ә н е ж и н а у) .

Ескерту: 6), 11), 17), 18) және 19) тармақшалар ұйымдар мен мекемелердің
штат кестесінде тиісті бірлік болмаған жағдайда қолданылады.";

7-тармақтың 11) тармақшасы 20) тармақша болып саналсын;

8-тармақ келесі мазмұндағы 8 тармақшамен толықтырылсын:

"Егер азаматтың келісімінсіз тұрған орнын ауыстырумен байланысты болмаса
, қоғамдық жұмыстар келесі азаматтар санатына лайықты болып табылады:

- алғаш рет жұмыс іздеп жүргендер (бұрын жұмыс істемегендер), мамандығы
(к ә с і б і) ж о қ т а р ;

- өзінде бар кәсібі (мамандығы) бойынша біліктілігін көтеруден немесе өз
мамандығына жақындас мамандық алудан бас тартқан жағдайда;

- жұмыспен қамту уәкілетті органдарында 18 айдан астам уақыт тіркелген
б о л с а ;

- жұмыспен қамту уәкілетті органдарына маусымдық жұмыс аяқталғаннан
кейін жұмысқа орналасу мәселесі бойынша арыз берсе.";

"Қоғамдық жұмыстарға қамтылған азаматтардың жалақысын төлеу" 4
бөлімнің 20-тармағы мына редакцияда мазмұндалсын:

"қоғамдық жұмыстарға қатысқандардың жалақысы, атқарылған жұмыс
түрлеріне байланысты, "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес
қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы 41 қаулысына сәйкес тарификацияланады.
Бекітілген жұмыс тізіміне енбейтін жұмыстардың жалақысы сәйкестік бойынша
тарификацияланады ("Атқарылған жұмыс түрлеріне байланысты қоғамдық
жұмыстарға қатысқандардың жалақысын төлеу туралы" қосымша).";

"Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру көздері және тәртібі" 5 бөлімнің 25-
тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Еңбекақы төленетін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кәсіпорындар (
егер ондай болмаған жағдайда - селолық округ±әкімдері) есеп беру айы
аяқталғанға дейін 5 күн ішінде, жұмыс түрлері туралы, қоғамдық жұмысқа
қатысқан жұмыссыздар саны туралы, жұмыс уақытын тіркеу туралы, есептелген
жалақы туралы белгіленген заңнама тәртібінде жергілікті уәкілетті органдарға
е с е п б е р е д і . " ;

26-тармақта "әр айдың 10 жұлдызына дейін" сөздері "әр айдың 1 жұлдызына
дейін" сөздерімен ауыстырылсын.

Облыс әкімі

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру
және қаржыландыру жөніндегі
Ережеге қосымша

Атқарылған жұмыс түрлеріне байланысты қоғамдық жұмыстарға қатысқандардың жалақысын төлеу туралы

Жұмыс түрлерінің атауы	Мамандық	Нормативтік құжат	Р а з р я ды	Т а р и ф т і к к о э ф ф и ц и е н т
1. Тұрмыстық-коммуналдық-шаруашылық ұйымдарына қалалардың, елді мекендердің аулаларын жинауда көмек көрсету	аула жинаушы	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 22-қосымша	II	0,88
2. Жол салу және жөндеу, су құбыры, газ, канализациялық және басқа да коммуникацияларды салу, кеспе тас және жол жиегінің тастарын салу, сондай-ақ сол жұмыстар үшін қосалқы материалдарды (құрылыс тастарын, қиыршық тас, плиталар, құм т.б.) дайындау. Елді мекендердегі жолдарды ағымдағы жөндеу.(шұңқырларды және жол жиегін қолда бар материалдармен жабу, көпір салу, кіру жолдарын жөндеу)	Ғимараттарға және үйлерге кешенді қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшы.	Халық шаруашылығының барлық салалары үшін қызметкерлер кәсібіне тарифтік-біліктілік сипаттамалар. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1993 жылғы 4 қаңтардағы N 21 қаулысына 39 толықтыру	III	0,95
3. Мелиоративтік жұмыстар, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқынына байланысты жұмыстарды жүргізу.	гидро техникалық құрылысты қараушылар	Халық шаруашылығының барлық салалары үшін қызметкерлер кәсібіне тарифтік-біліктілік сипаттамалар. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1993 жылғы 4 қаңтардағы N 21 қаулысы	III	0,95
4. Тұрғын үйлер құрылысына, қайта құру мен күрделі жөндеуге қатысу. Мәдениет пен әлеуметтік бағыттағы (мәдениет үйлерін, денсаулық сақтау объектілерін (ауруханалар, фельдшерлік-акушерлік пункттер) және білім беру объектілерін, селолық округ әкімдігі және басқа да бюджеттік ұйымдар үшін жалға алған ғимараттарды, егер жергілікті бюджеттерде осы мақсатқа қаржы қарастырылмаған болса немесе олар объектілерді тиісті жағдайда ұстауға жеткіліксіз болса) объектілерді	Ғимараттарға, үйлерге және құрылыстарға жұмыс істеуі және ағымдағы жөндеу жүргізуші жұмысшы.	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 22-қосымша	III-IV	

күзету, қысқа дайындау, жөндеу және құрылыс жұмыстарын атқару бойынша көмек көрсету				0,95-1,02
5. Т а р и х и - архитектура лық ескерткіштерді, кешендерді және қорық жерлерін қалпына келтіру.	Ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыскер	Жұмыстар мен кәсіптердің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, 1970 жыл	III	0,95
6. Аймақтарды экологиялық сауықтыру (орман шаруашылығының, дем алатын жерлер мен туризм жерлерін көгалдандыру (ағаш отырғызу, гүл егу) және көркейту, сақтау және өркендету, қаңғырма жануарларды аулау.	Көркейту жөніндегі жұмысшы	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 22-қосымша	III	0,95
7. Спорттық іс-шараларды, мерейтой салтанаттарын, мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларды дайындауға қатысу, соның ішінде мұз қалашықтарын салуда қосалқы жұмыстарды да атқару.	Спорттық құрылыстарды жөндеушілер	Халық шаруашылығының барлық салалары үшін қызметкерлер кәсібіне тарифтік-біліктілік сипаттамалар. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1993 жылғы 4 қаңтардағы N 21 қаулысына 39 толықтыру.	III	0,95
8. Республикалық және аймақтық қоғамдық науқандарға(сауал нама жүргізу, халық санағы, статистикалық тексеріс) қатысу.	статистика қызметкері	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1-қосымша	G-17	1,08
9. Халықтың аз қамтамасыз етілген жүктеріне және жалғыз тұратын қарттарға, жаңа келген оралмандарға, сондай-ақ қаланың және аудан әкімдерінің коммуналдық меншігіндегі кәсіпорындар мен әлеуметтік-тұрмыстық мәдениет нысандарына отын және жемазық дайындау, көмірді артуға, жеткізуге және түсіруге көмек көрсету.	жұмысшы	Жұмыстар мен кәсіптердің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, 1970 жыл. бірінші басылым.	II	0,88
10. Үй шаруашылығының санағына және шаруашылық кітабын жасауға көмек көрсету.	Тіркеуші	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы		1,08

		Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1-қосымша	G-17	
11. Әлеуметтік-мәдениет бағытындағы маңызды нысандарды, соның ішінде каникул кезінде мектептерді, егер бұл мақсатта штат кестесінде бірлік қарастырылмаған болса, сондай-ақ аудан әкімінің коммуналдық меншігіндегі бос ғимараттарды күзету	Күзетші	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 22-қосымша	II	0,88
12. Алыс елді мекенде тұратын халықты төлқұжат тау жөніндегі жұмысқа уақытша көмек.	Төлқұжат қызметкері	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1-қосымша	G-17	1,08
13. Селолық елді мекендерде қоғамдық тәртіп күзетін қамтамасыз етуге көмек.	Кезекші басшы.	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1-қосымша	G-17	1,08
14. Есірткі заттар тарату және пайдаланудың болжамалы жерлеріндегі, сенім пунктерінде волонтер ретіндегі жұмыс.	Көмекші, медбикелер	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 қаңтардағы N-41 қаулысы, 1-қосымша	G-17	1,08
15. Балалардың, жасөспірімдердің, жастардың бос уақытын балалар-жасөспірімдер клубтары арқылы ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізу, жазғы каникул кезінде балалардың сауықтырылуын және демалуын қамтамасыз ету.	Мәдени ұйымдастырушы	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1-қосымша.	G-16 категориясы орта біліктілік дәрежесі	1,17
16. Саябақтар скверлердің аумағын көркейту және күзету.(жеке меншік нысандарынан басқа)	Күзетші	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 22-қосымша	II	0,88

17. Зираттарды, қоқыс жинайтын жерлерді көгалдандыру, соның ішінде қалдықтар жинауды ұйымдастыру.	Көркейту жөніндегі жұмысшы	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 22-қосымша	III	0,95
18. Бюджеттік ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерде жылу беру маусымы кезінде пеш жағушы ретіндегі жұмыс.	Пеш жағушы	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 22-қосымша	II	0,88
19. Жалғыз басты ауру қарт азаматтарды күту (тамақ, дәрі-дәрмек сатып әкелу, үй ішін жинау, ағарту, еден сырлау, кір жуу, көкөніс отырғызу, арам шөп жұлуды және жинау)	Техникалық атқарушы	"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы, 1-қосымша	G-17	1,08

Е с к е р т у л е р :

1. Қоғамдық жұмыстарға қатысқандардың орташа айлық жалақысы мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне тарифтік коэффициент есебімен белгіленген атқарылған жұмыстар бойынша ең төменгі базалық жалақы мөлшеріне байланысты анықталады. Бұл жағдайда, орташа еңбекақы мөлшері мемлекетпен кепілденген ең төменгі деңгейден төмен болмауы тиіс.

2. "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда сәйкес тарифтік коэффициент өзгерістері қосымшаға да енгізілуі қажет.